



**Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды (мемлекеттіктен басқа) ұйымдастыру мен өткізудің Тәртібі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 қазан N 1326. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.08. N 939 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.08. N 939  
қаулысымен. Р 9 9 0 9 3 9 \_

Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды (мемлекеттіктен басқа) ұйымдастыруды және өткізуді ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды

(мемлекеттіктен басқа) ұйымдастырудың және өткізудің қоса беріліп отырған Тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы Тәртіп бекітілген уақыттан бастап 10 күндік мерзімде лотереяларды тіркеу және оларды өткізуге өздерінің лицензия алу қажеттігі туралы қолданыстағы лотереяларды ұйымдастырушыларды хабардар етсін.

3. Беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 қазандағы  
N 1326 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының аумағында  
лотереяларды (мемлекеттіктен басқа)  
ұйымдастыру мен өткізудің  
ТӘРТІБІ

1. Лотереяны өткізу шартында мынадай мәліметтер болуы керек:

- лотереяны ұйымдастырушының атауы, лотереяны шығару мақсаты;
- лотереяны өткізудің күні мен орны (ұтыс таралымы);
- лотереяның түрі мен үлгісінің сипаттамасы;
- лотереяны ұйымдастыру технологиясының сипаттамасы;
- лотерея билеттерін жасау мен сатудың тәртібі;
- шығарылған лотерея билеттерінің жалпы сомасы, оның ішінде ұтыстарды төлеуге бағытталатын сомасы мен проценті;
- билеттер саны және олардың нөмірленуі;
- ойын аяғына дейінгі тұрақты сома бойынша бір билеттің теңгедегі құны;
- таратушыларға берілетін делдалдық сыйақының мөлшері (олардың табыстары есебінен ұйымдастырушылар айқындайды);
- ұтыстар бойынша жүлделік қорды бөлудің тәртібі;
- заттай ұтыстардың атаулары, олардың саны мен құны;
- ақшалай ұтыстардың саны мен сомасы;
- ұтыстарды алудың тәртібі мен мерзімі;
- заттай ұтыс иелеріне олардың қалаулары бойынша құнын қолма-қол ақшалай алу құқығын беру;
- сатуға шығарылған билеттердің, сатылғандары мен сатылмағандарының есебін жүргізу тәртібі;
- сатылмаған билеттерді кәдеге асырудың тәртібі (жою, басқа таралымдарда пайдалану);
- алынбаған ұтыстарды сақтау және ұтыстарды алу мерзімі бітуі бойынша оларды алу тәртібі;
- бақылаушы органдарға құжаттар ұсыну тәртібі;
- лотерея билеттерін жасау, тасымалдау, сақтау процесінде ұрланудан сақтаудың тәртібі;

ұрланған билеттерді ойынға қатыстырудан шығару тәртібі; лотерея билеттерін облыстар бойынша орналастырудың алдын ала жоспары.

2. Лотереяларды ұйымдастырушылар, егер сатылған билеттердің саны немесе басқа жағдайлардан оның өткізілуіне мүмкіндік болмаса, лотерея билеттерінің иелеріне сомаларды қайтару тәртібін ескеруі керек.

3. Азаматтардың мүдделерін қорғау мақсатында, сатылған лотерея билеттерінің жалпы сомасының кем дегенде 50 проценті, қолданыстағы заңдарға сәйкес ұтыстарды алатын жеріне төлету арқылы ұтыстарды төлеу бойынша

табыс салығын ұстай отырып ұтыстарды (жүлде қорын) төлеуге бағытталады.

Ұтыстарды төлеуге жіберілген сома шегерілген табысқа қолданыстағы заңдарға сәйкес салық салынады.

4. Халыққа лотерея билеттерін сату қатаң ерікті негізде және лицензияда ескерілген аумақ шегінде жүргізіледі.

5. Лотереяларды дайындау және өткізу бойынша барлық ұйымдастыру шараларын, лотерея немесе олардың функцияларын атқаратын билеттерді сатуды аталған лотереяны өткізу шарттарына сәйкес жауапты ұйымдастырушылар жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін лотереяларды (таралымды, бір сәттік) өткізу мерзімі мен орнын оны ұйымдастырушылар лицензия беруші органдардың келісімі бойынша айқындайды.

7. Таралымды лотереяларды өткізу Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды (мемлекеттіктен басқа) өткізу тәртібі туралы" нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Лотереяларды өткізу және өткізілген лотереялар бойынша ұтыстарды төлеу жауапкершілігі лотереяларды ұйымдастырушы лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

9. Ұтыс шыққан лотерея билеттері бір ай ішінде сараптан өткізіледі.

10. Лотерея шарттарына, оның тұжырымдамасы мен технологиясына нұқсан келмейтін өзгерту енгізу қажет болған жағдайда ұйымдастырушы лотереяның өзгерген шарттарын қайта тіркеуге міндетті.

11. Әр таралымды бөлек өткізгендігі туралы есепті лотереяны ұйымдастырушылар лицензия беруші органдарға тираж өткеннен бастап 15 күннен кешіктірмей, бір сәттік лотереялар өткізілген жағдайда - ай сайын береді (есеп беру нысаны Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды (мемлекеттіктен басқа) ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы Нұсқаулыққа сәйкес).

12. Сатылған лотерея билеттерін лотереяны ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 63 "Лотерея өткізу туралы мәліметтер" қаулысына сәйкес бекітілген N 1-Л нысаны бойынша есепке алады.

13. Сатылмаған лотереяларды, егер ондайлар болса, сатушылар

лотереяны ұйымдастырушыларға қайтарады, олар есепке алуға және жоюға жатады, ол құжатпен актіленіп расталады.

14. Қандай да болсын себептермен ойнатылмаған лотерея билеттерінің сомасын қайтару осы лотерея билеттері ойнатылмайтыны

құлақтандырылғаннан кейін 20 күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы керек.

15. Қандай да болсын себептермен өткізілмей қалған лотереяға қатысушылардың ақшалай қаржыларын қайтаруға, өткізілетін лотереяны ұйымдастырушылар, оларға барлық қаржылық және заңдық жауапкершілік жүктеле отырып, кепілдік беруге тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 қазандағы  
N 1326 қаулысына  
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
күші жойылған шешімдерінің  
ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасында лотереялар өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 сәуірдегі N 383 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 сәуірдегі N 383 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 қарашадағы N 1103 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 43, 517-құжат).

3. "Республикада "Жолың болғай" спорттық лотерея ойынын және "Табыс сәті" компьютерлік ойынын өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 наурыздағы N 234 P930234\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 9, 112-құжат).

4. "Қазақстан Республикасында халықаралық Олимпиада лотереясын өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 сәуірдегі N 321 P930321\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 13, 164 - құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 сәуірдегі N 383 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 тамыздағы N 875 қаулысы.

6. "Қазақстан Республикасында "Спортлото" аймақтық кәсіпорындарының тұрақты ойналатын спорт лотереяларын өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 22 Р940022\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 1, 9-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК